

Рахат Құрманбаев

Биология, химия, география, экология салалары бойынша тың зерттеулер жасап, білім мен ғылымның дамуына үлес қосқан педагогтардың бірі – қауымдастырылған профессор, биология ғылымдарының кандидаты Құрманбаев Рахат Хамитұлы.

Педагог қоршаған ортадағы қолайсыз факторлардың тірі организмдерге әсері мен оларды түзету жолдары, биологиялық алуантүрлілік, экожүйе мәселелері, сондай-ақ Арал теңізінің қазақстандық бөлігін қалпына келтіру бағытында ғылыми жұмыстармен айналысуда.

Рахат Хамитұлы – 3 оқу құралы, 1 оқулық пен монография, 2 патент және 50-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Ғалымның Scopus, Web of Science сынды халықаралық мәліметтер базаларында мақалалары жарияланған. Хирш индексі – 3.

Педагог 5-7 сыныпқа арналған «Өлкетану» оқулығы авторларының бірі. Аталған оқулық 2018 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес даярланды.

Сонымен қатар, Рахат Хамитұлы 2013 жылы «Қызылорда облысының өсімдіктер әлемі», «Қызылорда облысының жануарлар әлемі», «Қызылорда облысының географиясы» атты III томдық оқу құралының авторлық ұжымына жетекшілік етті.

Рахат Хамитұлы 1999-2000 жылдары университеттің «Биология, география және экология» кафедрасының зертхана меңгерушісі қызметіне қабылданып, оқытушы, аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарды. Мұнан кейін кафедра меңгерушісі, «Жаратылыстану» факультетінің деканы, декан орынбасары, «Жаратылыстану және аграрлық технологиялары» институты директорының орынбасары, университет ректорының Академиялық мәселелері жөніндегі кеңесшісі болып еңбек етті.

Ал 2016-2017 оқу жылынан бастап жаратылыстану-педагогикалық бағыт бойынша Академиялық кеңес төрағасы, 2019 жылдан бастап 8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау (6D011300 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежелерін беру жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасы қызметтерін атқарады. 2020 жылдан бастап Қызылорда облысы және қаласы бойынша «Жасыл мектеп» пилоттық жобасының ғылыми жетекшісі.

Ұстаздан білім алған университет түлектері бүгінде әртүрлі салада елеулі еңбек етуде.